

Әкімдіктің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 62 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 224 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 9645 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 шілдедегі № 111 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 21.07.2021 № 111 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2020 жылғы 26 мамырдағы № 62 қаулысына (2020 жылғы 29 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9225 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

реттік нөмірі 9-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

9	Диев ауылдық округінің Қ. Тұрғымбаев ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Целинный бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд
---	--	---

"

2. "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК